

ДӘРУМЕНДЕРМЕН, МИНЕРАЛДАРМЕН БАЙЫТЫЛҒАН ҰНДЫ ТҰТЫНУ АРҚЫЛЫ АНЕМИЯНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ТҰТЫНУШЫ СҰРАНЫСЫН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА ЖУРНАЛИСТЕР АРАСЫНДАҒЫ БАЙҚАУ

I ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЖАҒДАЙ

Байқау туралы

Байқау Қазақстандағы БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) Төрағалық етуімен, Жаһандық тағам жетілдіру альянсының (GAIN) қолдауымен, ана мен бала денсаулығын жақсарту үшін дәрумендермен байытылған ұнды насихаттау Ақпараттық-ағарту науқан аясында ұйымдастырылып отыр.

1. Байқаудың мақсаты

- 1.1. Ана мен бала денсаулығына қоғам назарын аудару.
- 1.2. Қазақстанда ұнды дәруменмен байыту мәселесін кең көлемде насихаттау. Осы тақырып жөнінде Қазақстан халқын ақпараттандыру.
- 1.3. Әлеуметтік-экономикалық және денсаулық сақтау мәселелеріне қалам тербеп жүрген журналистерді қолдау.

2. Байқауға ұсынылған жұмыстарға жалпы талап

- 2.1. Тақырыптың өзектілігі және маңыздылығы;
- 2.2. Тақырыпты ашу;
- 2.3. Материал ұсынудағы ерекшелік;
- 2.4. Жарияланым немесе теле-радио бағдарламаның сапасы мен жиілігі (айлық\апталық айдарлар не болмаса акциялар ұйымдастыру).

II ТАРАУ. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ҮШІН ӨТІНІШ БЕРУ ТӘРТІБІ

3. Байқауға қатысу үшін өтініш

- 3.1. Ана мен бала денсаулығын қорғау мәселесін аймақтық және республикалық БАҚ-та көтеріп жүрген журналистер байқауға қатыса алады.
- 3.2. Мына мекен-жайға жіберілуі тиіс.

010000, Астана қаласы
Бейбітшілік көшесі 10-А, блок 1
ҚР БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ) өкілдігі
«Журналистер арасындағы байқау» деген белгімен

Жарияланымның электронды нұсқасын (сканерден өткізілген болады) мына мекен-жайға жіберіңіз: skhudaibergenov@unicef.org және gzhumash@unicef.org

Өтініште байқауға өткізілген мақала авторы жайында қысқаша мағлұмат болуы тиіс:
Аты-жөні, жұмыс орны, телефон, мекен-жайы.

4. Байқауға өтініш беру және алу уақыты

- 4.1. Байқауға өтініш 2010 жылдың 5 қаңтарына дейін қабылданады (байқауға 2009 жылдың 10 қыркүйек пен 31 желтоқсан аралығында газетке және басқа да БАҚ-та жарық көрген материалдар ұсынуға болады. Сонымен қатар, теле-радиоэфирге шыққан бағдарламалар).
- 4.2. Қатысушы өтініш беру мерзімі аяқталуына бес күн қалғанға дейін өз өтінішін қайтарып алуға құқылы.

III ТАРАУ. БАЙҚАУ НӘТИЖЕСІ

5. Байқау нәтижесін жариялау

- 5.1. Байқау нәтижесі Астана қаласында өтетін марапаттау рәсімінде белгілі болады. Жеңімпаздарды марапаттау уақыты, өткізілетін жері туралы қосымша мәлімет беріледі

6. Байқау жеңімпаздары

- 6.1. Байқау жеңімпаздары келесі номинациялар бойынша анықталады:

- I. Ең үздік ақпараттық агенттік журналисі
1 орын (ноутбук), 2 орын (сандық фото-видеоаппарат), 3 орын (сандық фотоаппарат)
- II. Ең үздік баспасөз журналисі
1 орын (ноутбук), 2 орын (сандық фото-видеоаппарат), 3 орын (сандық фотоаппарат)
- III. Ең үздік радио немесе телебағдарлама журналисі
1 орын (ноутбук), 2 орын (сандық фото-видеоаппарат), 3 орын (сандық фотоаппарат)

Ынталандыру сыйлықтары - диктофондар

Қосымша мәліметтер үшін мына байланыс телефондар арқылы 87172 32 29 69 (ішкі 112) Султан Худайбергеновке немесе Жазира Жумашқа 87172 32 28 78 (ішкі 123) электронды почта арқылы: skhudaibergenov@unicef.org, gzhumash@unicef.org хабарласуыңызға болады.